

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС  
Бақылау кеңесінің шешімімен  
2024 жылғы «23» сәуірдегі  
№2 хаттамасымен  
«Бекітілген»

**«Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі  
талдау жүргізу  
ҚАҒИДАЛАРЫ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2022 жылғы «30» желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген Әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою бойынша «Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС (бұдан әрі - Институт) сапасын, толықтығын және бірыңғай тәсілін қамтамасыз етуге бағытталған қосалқы құрал болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде басшылыққа алу қажет нормалар:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- 3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің Үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар);
- 4) өзге де құқықтық актілер.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жылына кемінде бір рет жүргізу ұсынылады. Қажет болған жағдайда, Институттың Бақылау кеңесінің шешімі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау көрсетілген мерзімнен бұрын жүргізілуі мүмкін.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган Институт қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізген жағдайда, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды ол аяқталған күннен бастап бір жыл өткен соң жүргізу ұсынылады.

**2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге дайындық**

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге дайындық мыналарды айқындауды қамтиды:

- 1) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге тиісті құрылымдық бөлімшенің атауы;
- 2) Үлгілік қағидалардың 11-тармағына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыттары;
- 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін құрылымдық бөлімшенің, лауазымды тұлғаның (лауазымды тұлғалардың) немесе жұмыс тобының құрамы;
- 4) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қамтылатын кезең;
- 5) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі;
- 6) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік жүктелетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің лауазымды тұлғасы.
5. Институтта талдау объектілерін және олардың әрқайсысында оны жүргізудің нақты мерзімдерін көрсете отырып, тиісті кесте жасалады.
6. Институтта сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі шешім және талдау нәтижелері туралы ақпарат Бақылау кеңесіне жіберіледі.
7. Бақылау кеңесі Институттың қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау қорытындылары бойынша жұмысты үйлестіруді, ақпаратты жинауды, қорытындылауды жүзеге асырады.
8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге уәкілетті тұлға болып институттың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-офицері айқындалады.
9. Институт іске асыратын қызмет түрі мен оның штат санына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы құрылуы мүмкін.  
Жұмыс тобына Институттың құрылымдық бөлімшелерінің неғұрлым тәжірибелі қызметкерлерін (салалық заңнаманы қолдану, ұйымдастырушылық-басқару қызметін іске асыру тәжірибесі бар, сондай-ақ талдау жүргізу қабілеттері бар), сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзге де мамандары мен (немесе) сарапшыларын қосу ұсынылады.
10. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды 30 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізу ұсынылады. Қажет болған жағдайда, осы тармақта көрсетілген мерзім Институт директорының бұйрығы негізінде 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.  
Институт директорының шешімінде белгіленген мерзімдерді сақтау мақсатында Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс жоспары әзірленеді.
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспары жұмыс түрлерін, оларды орындау мерзімдерін және жауапты тұлғаларды айқындауды көздейді.
11. Қажет болған жағдайда, комплаенс-офицер және/немесе жұмыс тобының

мүшелері салалық заңнаманы қолдану тәжірибесі мен ұйымдық-басқару қызметін іске асыру тәртібін зерделеу үшін Институттың құрылымдық бөлімшелерінің орналасқан жерлеріне бара алады.

### **3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу**

12. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңдері:

- 1) Үлгілік қағидалардың 11-тармағында көзделген бағыттарға сәйкес талдау объектісі туралы ақпаратты жинау және талдау;
- 2) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды олардың тізбесін қалыптастыра отырып айқындау;
- 3) тәуекелдер тізбесін айқындау және оларды анықтау (стратегиялық, операциялық, қаржылық, комплаенс тәуекелдер және т. б.);
- 4) Үлгілік қағидалардың 18, 19, 20 және 21-тармақтарына сәйкес талдамалық анықтама дайындау;
- 5) Үлгілік қағидалардың 25-тармағына сәйкес бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөнінде шаралар қабылдау.

#### **3.1 Талдау объектісі туралы ақпаратты жинау және талдау**

13. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін қажетті ақпарат көздері:

- 1) Институттың қызметін реттейтін құқықтық актілер, ішкі құжаттар;
- 2) Институт қызметі туралы ведомстволық статистикалық есеп;
- 3) Институттың қызметі туралы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйелерінің деректері;
- 4) Институтқа қатысты мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері;
- 5) ішкі аудит қызметтерінің бақылау іс-шараларының нәтижелері;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері;
- 7) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар;
- 8) Институтқа қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері;
- 9) Институт қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылық жасағаны үшін анықтау және жауапқа тарту туралы мәліметтер;
- 10) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдау нәтижелері;
- 11) Институт қызметкерлерімен сауалнама (сұхбат) нәтижелері;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де мәліметтер.

Институттың қызметі туралы ақпарат, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауға дейінгі жылдық есептік деректер мен құқықтық статистика жинау және қорыту үшін ұсынылады.

Ақпарат көздері сенімді және өзекті болуы тиіс.

Институт қызметі туралы есептерді оларды ұсынған құрылымдық бөлімшелер басшыларының қолдарымен куәландыру ұсынылады.

Институт қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапқа тарту туралы мәліметтерді Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есеп комитетінің, Жоғарғы соттың сот актілері Банкінің деректерінен алу ұсынылады.

14. Ашық түрде қолжетімсіз ақпарат көздерін Институттың осы ақпаратқа ие құрылымдық бөлімшелері комплаенс-офицері мен жұмыс тобының мүшелеріне жинап, ұсынады.

15. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және ұсынымдар әзірлеу үшін талдаудың әртүрлі әдістері, оның ішінде талдау объектісінде бар ақпаратты жинау және зерделеу, талдау объектісі қызметкерлерінің және өзге де сарапшылардың тәжірибесі мен танымын пайдалану, ұқсас немесе сабақтас салаларда, ұйымдарда, бизнес-процестерде, жобаларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тәжірибені жинау және қорыту, сценарийлерді талдау және т.б. қолданылуы мүмкін.

16. Осы бағыт бойынша жұмыстың толықтығы мен жүйелілігін қамтамасыз ету мақсатында бастапқы кезеңде Институттың қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттардың тізбесін қалыптастыру ұсынылады.

Институттың қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық нормаларының бар-жоғы тексеріледі.

Құқықтың сыбайлас жемқорлық нормалары заң техникасының ережелеріне сәйкес келуі және оларды бұзуы мүмкін (нормалардың ақаулары).

17. Құқықтық актілер мен ішкі құжаттар басқа құқықтық актілермен және ішкі құжаттармен өзара байланыста зерделенеді.

18. Нормалардың сыбайлас жемқорлыққа бейімділігін бағалау оларды қолдану кезінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің ықтималдығы тұрғысынан жүргізіледі.

19. Бағалау жүргізу үшін мынадай сыбайлас жемқорлыққа неғұрлым тән факторлар пайдаланылады.

**Құқықтық ағаттық** - құқықтық актіде немесе ішкі құжатта белгілі бір мәселені құқықтық реттеудің болмауы.

Реттеудегі құқықтық ағаттық индикаторлары:

1) қызметкердің және/немесе талдау объектісінің құзыретін реттейтін ережелердің болмауы, бұл заңсыз пайда көру мақсатында өкілеттіктерді өз бетінше айқындау мүмкіндігін туғызады;

2) қызметкердің әкімшілік рәсімді жүргізу барысына әсерін қамтамасыз ететін іс жүргізу тәртібінің болмауы;

3) әкімшілік рәсімдерді жүргізу мерзімдерінің болмауы;

4) құқықтық акт немесе ішкі құжат талдау объектісі басшысының шешім қабылдауының толық негіздері мен тәртібін белгілемейді;

5) талаптарды сақтамағаны үшін жауапкершілікті белгілейтін ережелердің болмауы олардың декларативтілігіне әкеледі және іс жүзінде қолдану мүмкіншілігінен айырады.

**Құқықтық актілер мен ішкі құжаттар ережелерінің коллизиясы** - бірдей не сабақтас құқықтық қатынастарды реттейтін жекелеген құқықтық актілер мен ішкі құжаттар арасындағы алшақтықтар немесе қайшылықтар, сондай-ақ талдау объектісінің басшылары мен қызметкерлерінің құқық қолдану қызметі кезінде және өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы барысында туындайтын қайшылықтар.

Коллизиялар бір деңгейлі нормативтік құқықтық актілер арасында, әртүрлі деңгейдегі актілер арасында, сондай-ақ қоғамдық қатынастардың әртүрлі салаларын реттейтін актілер арасында болуы мүмкін.

Құқықтық актілер немесе ішкі құжаттар ережелерінің коллизияларының индикаторлары:

1) заңда немесе ішкі құжатта белгіленген басым норманы таңдау қағидаларының болмауы;

2) басым норманы таңдау жауапкершілігі талдау объектісінің басшысына жүктеледі;

3) қатаң ресімделген заңды жауапкершіліктен құтылу мүмкіндігі.

**Заңдық-лингвистикалық белгісіздік** - заң техникасының логикалық және лингвистикалық ережелерін сақтамаудан туындаған жеткіліксіз сипатталған терминдерді, ұғымдарды, сөз тіркестерін немесе мағыналы (мазмұнды) сипаттағы тұжырымдамаларды қолдану.

Құқықтық-лингвистикалық белгісіздік индикаторлары:

1) түсініксіз немесе екі мағыналы ережеде қамтылған және осылайша заңсыз ұғымдарға жол беретін тұжырымдама;

2) бірдей құбылыстарды әртүрлі терминдермен белгілеу;

3) заңнамада қолданыста жоқ, жоба мәтінінде тікелей анықталмаған/түсіндірілмеген және қолданыста кең таралмағандықтан біркелкі мағынасы жоқ терминдерді қолдану.

**Дискрециялық өкілеттіктердің кеңдігі** - басшының және/немесе талдау объектісінің өкілеттігінің мазмұнынан осы өкілеттіктің шегін анықтау мүмкіншілігінің болмауы.

Кең дискрециялық өкілеттіктердің индикаторлары:

1) басшылардың шешім қабылдауы немесе өзге де әкімшілік рәсімдерді орындауы үшін негіздердің болмауы немесе белгісіздігі;

2) басшының және/немесе талдау объектісінің шешімдердің бірнеше түрін қабылдау не шешім қабылдаудан бас тарту мүмкіндігі;

3) қабылданатын басқару шешімін уәждеу міндетінің болмауы;

4) шешім қабылдаудың белгілі бір мерзімдерінің болмауы, олардың кең ауқымы не мұндай мерзімнің болмауы;

5) басшының және/немесе талдау объектісінің белгіленген мерзімді дәлелді негіздерсіз ұзарту немесе қысқарту мүмкіндігі;

6) басшының және/немесе талдау объектісінің өз қалауы бойынша жеке және заңды тұлғалармен құқықтық қатынастардың туындауына, оларды тиісті уәждемесіз өзгертуге немесе тоқтатуға бастамашылық жасау мүмкіндігі;

7) басшылардың және/немесе талдау объектілерінің өкілеттіктерінің қайталануы;

8) заңнаманы орындамағаны үшін жауапкершіліктің түрі мен мөлшерін өз қалауы бойынша айқындау мүмкіндігі;

9) басшының және/немесе объектінің құзыреті шеңберінде шешім қабылдау үшін тізбеде көзделмеген қосымша құжаттарды сұрату мүмкіндігі (мысалы, қызметтер көрсету).

**Басшылардың міндетінің орнына құқығын белгілеу** - басшылардың азаматтар мен ұйымдарға қатысты іс-әрекеттер жасау мүмкіндігін диспозитивті түрде белгілеу.

Міндеттің орнына құқықты белгілеу индикаторлары:

1) «құқылы», «мүмкін» деген тұжырымдарды пайдалану;

2) басшылардың өз қалауы бойынша шешімдер қабылдауы үшін заңды негіздердің болуы;

3) органның (лауазымды тұлғаның) бірдей негіздер болған кезде шешімдердің бірнеше түрін қабылдау мүмкіндігі.

**Жеке тұлғаға тиесілі құқықты іске асыру үшін қойылатын шамадан тыс жоғары талаптар** – адамға тиесілі құқықты іске асыру үшін қойылатын талаптардың ақылға сиымсыз болуы және/немесе олардың заңнама нормаларымен негізделмеуі. Әдетте, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелі тіркеу, рұқсат беру және хабарлама жасау құқықтық қатынастарын, конкурстық рәсімдерді құқықтық реттеу, азаматтар мен ұйымдарға санкциялар мен өзге де ықпал ету шараларын қолдану, оның ішінде құқықтарын шектеуге, айыруға, тоқтата тұруға байланысты болған кезде байқалады;

Адамға тиесілі құқықты іске асыру үшін қойылатын талаптарды асыра жоғарылату индикаторлары:

1) субъективті құқықтар мен бостандықтарды іске асыру кезінде жеке және заңды тұлғаларға заңды негізсіз қосымша міндеттер жүктеу;

2) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында бекітілген құқықтар мен бостандықтарды шектейтін ауыр тыйымдар мен шектеулерді белгілеу;

3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын шектейтін және/немесе оларды ұсыну заңнама нормаларымен негізделмеген өзге де талаптарды белгілеу;

4) азаматтар мен ұйымдарға белгісіз, орындалуы қиын талаптарды белгілеу.

**Шамадан тыс әкімшілік кедергілердің болуы** - лауазымды тұлғалардың құқықты іске асырудан бас тарту, қызметті тоқтата тұру немесе тарату не жауапқа

тарту өкілеттігі туындайтын жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтарын іске асыруы үшін орындалуы қажет талаптарды белгілеу.

Өкімшілік кедергілердің индикаторлары:

1) талдау объектісінде белгілі бір мәліметтердің болуы немесе талдау объектісі мәліметтерді қажетті көздерден өз бетінше талап етуге уәкілетті екеніне қарамастан құжаттарды, ақпаратты және басқа да деректерді ұсыну міндетін жеке және заңды тұлғаларға негізсіз жүктеуі;

2) белгілі бір деңгейге сәйкес келу міндеті (кәсіптік, мүліктік, әлеуметтік) бірақ құқығының соған сәйкес болмауы;

3) қызметтерді дереу ұсыну мүмкіндігі бола тұра қызмет көрсету мерзімінің ұзақтығы (мысалы, егер талдау объектісінде автоматтандырылған ақпараттық жүйелері қолданыста болса);

4) егер мұндай тәртіп халықаралық актілерде не қажетті құжаттарды жөнелтуге тиіс өзге мемлекеттің заңнамасында көзделмесе, құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелерін салыстыру мүмкіндігі бола тұра азаматтарға оларды белгілі бір мемлекеттік органдарда растау немесе нотариалды куәландыру міндетін жүктеу;

5) қызметтің белгілі бір түрімен айналысуға үміткер азаматтың нормативтік белгіленген біліктілік талаптарына (тиісті кәсіптік тәжірибесінің, біліктілігінің, еңбек өтілінің және т. б. болуы) сәйкестігіне қарамастан, емтихандардан, тестілеуден, сұхбаттасудан және т. б. өту қажеттілігін белгілеу.

**Қызмет түрлерін, міндеттерді, құқықтар мен жауапкершілікті дұрыс анықтамау.**

Қызмет түрлерін, міндеттерді, құқықтар мен жауапкершілікті тиісінше айқындамаудың индикаторлары:

1) құқықтық актінің немесе ішкі құжаттың мазмұнынан шешім қабылдауға жауапты басшыны анықтау мүмкіншілігінің жоқтығы;

2) сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтың туындауына жол бермейтін шектеулер мен тыйымдардың жоқтығы (мысалы, шешім қабылдауды басқа басшыға беруге, белгілі болған мәліметтерді жария етуге тыйым салу және т.б.);

3) лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жеке жауапкершілік белгіленбесе;

4) басшылардың міндеттері мен өкілеттіктерін орындауын бақылау рәсімі белгіленбеген.

Сыбайлас жемқорлыққа тән факторлар тізбегі бұнымен шектелмейді.

20. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау үшін жұмыс істеп тұрған бизнес-процестерде сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтар жасау үшін себептер мен жағдайлардың бар-жоғын тексеру қажет.

21. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі мынадай мәселелерді қамтиды:

- 1) қызметкерлерді басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру қызметін іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

22. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметте сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің бар-жоғын бағалау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне тән индикаторлар (белгілер) тізбесін қолдана отырып жүргізіледі.

Қызметкерлерді басқару бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

- 1) лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелерінің реттелмеуі;
- 2) конкурстық іріктеуді өткізбей лауазымға тағайындау;
- 3) конкурстық іріктеудің тиісті деңгейде жүргізілмеуі, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау;
- 4) бос жұмыс орнының болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңдеріне жіберілген адамдар туралы ақпаратты орналастырмауы, уақтылы және/немесе толық орналастырмауы;
- 5) іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерінің болмауы (бос орын туралы хабарландыруды орналастыру, құжаттарды қабылдау, сұхбаттасу, тестілеу және т. б.);
- 6) сұхбаттасу және тестілеу өткізу үшін сұрақтарды құрастыру және қорғау тетігінің болмауы;
- 7) кандидаттар үшін тең емес жағдайлар жасау;
- 8) кандидаттарды жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдайтын адамдарда мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды қамтамасыз етпеу;
- 9) қызметкерлерді конкурстық іріктеусіз жоғары лауазымға көтеру, өзге лауазымдарға ауыстыру;
- 10) талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы, ынталандыру шаралары туралы ақпараттың жабықтығы;
- 11) тәртіптік жазаның болуына қарамастан қызметкерлерді көтермелеу;
- 12) мерзімінен бұрын алынған тәртіптік жазалардың басымдығы;
- 13) жұмыс нәтижелеріне қарамастан қызметкерлерді талдау объектісі басшыларының қалауы бойынша көтермелеу;
- 14) тәртіптік жазаларды тым қысқа мерзімде алып тастау;
- 15) заңнаманы бұзған немесе оған жол берген, жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын бұзған немесе шектеген тұлғаларға тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбау және т. б.



Мүдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

1) мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі рәсімдерді қадағалайтын құжаттың (саясаттың) болмауы;

2) мүдделер қақтығысын мониторинг жасау және реттеу қызметі жүктелген тұлғаның болмауы;

3) мүдделер қақтығысының мониторингін жасау және оны реттеу бойынша шаралар қолданбау;

4) бір жағынан - әкімшілік регламенттер мен лауазымдық нұсқаулықтар және екінші жағынан жоспарлы көрсеткіштер арасында қайшылықтардың болуы;

5) реттеу және бақылау функциялары арасында қайшылықтардың болуы;

6) талдау объектісі қызметкерлерінің лауазымдық қызметтерін орындауы барысында мүдделер қақтығысының орын алуы;

7) алқалы органдардың қызметін реттейтін құжаттарда мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі талаптардың болмауы.

Қызмет көрсету бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

1) қызмет көрсетудің белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі, соның ішінде қызмет көрсету мерзімінің жүйелі түрде бұзылуы, құқықтық актілерде көзделмеген құжаттарды талап етудің жүйелі фактілері, қызмет көрсету рәсімдерінің тәртібін бұзу фактілері;

2) қызмет көрсету қағидаларында көзделген талаптардың жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілердің нормаларына қайшы келуі;

3) қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің тиісінше жұмыс істемеуі салдарынан белгіленген тәртіптің бұзылуы;

4) ақпараттық жүйелерді пайдалану кезінде қызмет көрсету процестерін "қолмен" түзету мүмкіндігі;

5) құжаттарды қабылдау және қызмет нәтижелерін алуды тікелей қызмет беруші арқылы жүргізу;

6) жаңа құқықтық актіні бекітпестен қызмет көрсету жөніндегі қағидалардың күшін жою;

7) қызмет көрсетуді реттейтін құқықтық актіні тым ұзақ қабылдау;

Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

1) бақылау іс-шараларын жүргізу мерзімдерін жүйелі түрде бұзу;

2) тізбесі құқықтық актілерде көзделмеген құжаттарды талап етудің жүйелі фактілері;

3) бақылау іс-шараларын жүргізу рәсімдерін бұзудың жүйелі фактілері;

4) белгіленген тәртіптің бұзылуына әкеп соғатын бақылау іс-шараларын жүргізу кезінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің тиісінше жұмыс істемеуі;

5) бақылау іс-шараларын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып "қолмен" түзету мүмкіндігі;

6) тексеру іс-шараларын жүргізу мерзімдерінің, қамтылатын кезеңнің, бақылау іс-шараларын жүргізуге уәкілетті адамдардың өкілеттіктерінің, бақылау объектілерін іріктеу шарттарының, тексеру іс-шараларының нәтижелері бойынша шешім қабылдаудың, бақылау іс-шараларын тоқтата тұру немесе ұзарту рәсімдерінің болмауы не ішінара реттелуі;

7) бақылау объектілерін іріктеу кезінде тәуекелдерді басқару жүйесінің болмауы;

8) фото және бейнетіркеу бойынша талаптардың болмауы;

9) тексеру парағы талаптарының негізсіздігі;

10) жоғары тұрған органның тапсырмалары негізінде бақылау іс-шараларын жүргізу;

11) бланкілер мен нұсқамаларды белгіленбеген орындарда сақтау;

12) бланкілер мен нұсқамалардың есебін жүргізуге жауапты тұлғалардың болмауы;

13) ведомстволық актілермен бланкілерді есепке алудың тиісті тәртібінің болмауы);

14) өңірлер бойынша тәртіп бұзушылық түрлері мен қолданылатын санкцияларды бақылау іс-шараларын талдау жөніндегі жұмыстың болмауы немесе жеткіліксіз болуы;

15) тәжірибе жүзінде туындаған мәселелерді анықтау және оларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу жөніндегі шаралардың болмауы;

16) құқықтық статистика органдарымен салыстыру-тексеру жүргізбеу;

17) аумақтық департаменттердің, еншілес және тәуелді ұйымдардың бақылау іс-шараларын жүргізудің бірыңғайлығының болмауы;

18) бақылау объектілерінің өкілдері мен бақылау іс-шараларын жүргізген тұлғалардың байланысты болуы.

Қаржы қаражатын игеру бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

1) есептілік түрлерінің, мониторинг тетіктерінің, қаржы құралдарын игеру және бөлу рәсімдеріне ішкі және сыртқы бақылаудың болмауы немесе әлсіз пысықталуы;

2) қаржы құралдарын игеру бойынша есептілік түрлерінің болмауы немесе әлсіз пысықталуы;

3) тәуекелдерді басқару жүйесінің болмауы;

4) талдау объектісі бюджет және қаржы қаражатының елеулі сомаларымен жұмыс істеген кезде ішкі аудит, ішкі бақылау жөніндегі қызметтерді орындайтын бөлімшелердің болмауы;

5) соңғы 2 жылда талдау объектісінің қаржы қаражатының елеулі сомаларымен операция жасауы кезінде аудит, ревизия жөніндегі іс-шаралардың және қаржылық бақылаудың өзге де шараларының болмауы;

6) қаржы қаражатын жұмсаудың ашықтығының болмауы, соның ішінде "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Заңның 6-бабы 9-тармағының сақталмауы;

7) сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің саны мен көлемінің олардың нақты қажеттілігіне (заттай нормаларға) сәйкес келмеуі;  
8) тауар бірлігі бағасының негізсіздігі;  
9) тауарлардың нарықтық құнының жоспарланған құнымен сәйкес келмеуі;  
10) мемлекеттік сатып алу порталында сатып алу жоспарын уақтылы орналастырмау;

11) сатып алуды белгілі бір өнім берушімен ғана жүргізу белгілері бар "қайрау" техникалық ерекшеліктерінің болуы;

12) мемлекеттік аудит органдары тарапынан камералдық бақылау нәтижелері бойынша сатып алуды қайта қарау немесе оның күшін жою фактілерінің болуы;

13) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының тексеруі кезінде бұзушылықтарды анықтау фактілерінің болуы;

14) өнім берушінің тауарды жеткізу, жұмыстар мен қызметтер көрсету шартынан туындайтын міндеттемелерді уақтылы және сапалы орындауы;

15) жеткізу шартының талаптарын тиісінше орындамаған өнім берушілерге қатысты шаралардың уақтылығы мен толықтығы;

Салықтар мен өзге де төлемдерді жинау бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

1) салықтар мен өзге де төлемдерді жинау бойынша әкімшілік рәсімдердің реттелмеуі;

2) талдау объектісі өкілдерінің және салықтар мен өзге де төлемдерді төлеушілердің жеке байланысы;

3) салықтар мен өзге де төлемдерді төлеу міндеттемелерін орындау рәсімдерінің күрделілігі;

4) салықтар мен өзге де төлемдерді жинау кезінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің тиісінше жұмыс істемеуі;

5) есептелген және нақты өндіріп алынған салықтардың, алымдар мен төлемдердің үлесі;

6) есеп нысандарының жоқтығы және оған қоғам мен үкіметтік емес, қоғамдық ұйымдардың қол жетімсіздігі.

Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

1) шарттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелердің болмауы;

2) ұқсас немесе неғұрлым тиімді талаптары бар өзге ұйымдардан ұсыныстар бола тұра бір ұйымдармен бірнеше рет шарттар жасасу;

3) үлестес компаниялардың болуы, контрагенттің әртүрлі бейінді және өзіне тән емес жұмыстарды орындауы;

4) контрагентке айыппұл санкцияларының болмауы немесе азайтылуы;

5) шарттық міндеттемелер бұзылған жағдайда санкцияларды қолданбау;

6) шартты орындау кезеңінде талаптардың елеулі түзетуге енуі;

7) шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін контрагентке талап-арызды уақтылы бермеу;

8) контрагенттер шарттық міндеттемелерді бұзған жағдайда талаптардан немесе мәселені сотта талқылаудан негізсіз бас тарту;

9) талап қою жұмысын жүргізу тәртібін реттейтін актілердің болмауы;

10) мүдделер қақтығысы мен үлестестікті болғызбау мақсатында контрагенттерді зерделеу жөніндегі жұмыс тетіктерінің болмауы.

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

1) жобаны қосарлы түрде қаржыландыру;

2) IT-саланың дамуына әсер етпейтін жобаларды қаржыландыру;

3) қаржыландыруға қажетті іс-шаралардың нақты тізбесінің болмауы;

4) қызметтер құнының негізділігін тексеру тетігінің болмауы, нарықта IT-өнімнің түпкілікті құнын жасанды түрде көтеруге ықпал ететін осындай әзірлемелердің болуы;

5) зияткерлік меншік объектісі ретінде шартты тікелей бір көзден жасау тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы алу;

6) әлеуетті өнім берушілер ретінде конкурсқа үлестес ұйымдардың қатысуы және жасанды бәсекелестік;

7) ақпараттық жүйелердің қайталануы;

8) ақпараттық жүйелердің ашық болмауы;

9) талап етілмеген ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалануға енгізілмеген ақпараттық жүйелерді пайдалану;

10) ақпараттық жүйелер аудитінің болмауы.

Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіне қатысты туындайтын өзге де мәселелерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ талдау объектісі қызметінің жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылына байланысты мынадай бағыттары жатады:

1) қаржы қаражатын игеру және бөлу, оның ішінде субсидиялар, гранттар, сыйақылар, демеушілік көмек төлеу, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мен сатып алу;

2) салықтар мен өзге де төлемдерді жинау;

3) шарттар жасасу;

4) қызметтің ашықтығы мен жариялылығы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыру бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

1) құзыретіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызмет кіретін адамның немесе құрылымдық бөлімшенің болмауы;

2) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспарының, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаттың болмауы;

3) объектінің қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша түсіндіру және оқыту іс-шараларын жүргізбеу немесе жеткіліксіз жүргізу;

4) қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, талдау объектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының қолданыстағы талаптары туралы білімдерін тексеру жөніндегі іс-шараларды жүргізбеу;

5) талдау объектісі қызметкерлерінің, мемлекеттік қызметпен байланысты уәкілеттік берілген, оларға теңестірілген тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы, толық немесе уақтылы қабылдамауы;

6) талдау объектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтамау фактілері;

7) талдау объектісінің қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері;

8) қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау тәсілдері мен арналарының (оның ішінде анонимді) болмауы;

9) сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды заңсыз жазалаудан, жұмыстан шығарудан немесе қысым көрсетудің өзге де шараларынан қорғаудың құқықтық тетіктерінің болмауы;

10) талдау объектісінің қызметкерлеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардың, оның ішінде БАҚ-та сыбайлас жемқорлық сипаттатындағы заңсыз іс-әрекеттер туралы көптеген шағымдарының болуы.

Қызметтің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің индикаторлары:

1) қоғамдық мүддені білдіретін объектінің қызметі туралы ақпаратты: сатып алу жоспарларын, қаржы қаражатын игеруді, бақылау іс-шараларын өткізу жоспарларын, жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жөніндегі қызметтерді реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарды толық және уақтылы жарияламау;

2) «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңның және Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 116 "Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарын ақпараттық толықтыру қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" бұйрығының талаптарын сақтау.

Ұйымдық-басқару қызметіндегі жоғарыда аталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізбесі және олардың индикаторлары толық емес.

### **3.2 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды олардың тізбесін қалыптастыра отырып айқындау**

23. Комплаенс-офицер сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау кезінде лауазымдарды екі санатқа – басшылар мен орындаушыларға бөлуі тиіс.

Шешімдер қабылдау және ұйымдық-шаруашылық қызметтерді жүзеге асыру құқығының болуын ескере отырып, басшылардың барлық санаты жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің қатарына жатады, сондықтан оларды қызметтік міндеттерін талдаусыз сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдарға жатқызу керек.

Орындаушылар лауазымдарының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырау деңгейі қызметтік ерекшеліктерін ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа бейім қызметтер тізімін негізге ала отырып айқындалады.

24. Сыбайлас жемқорлықтың туындауы үшін алғышарттар болуы мүмкін қызметтерді бөлу жолымен Институттың сыбайлас жемқорлық функцияларының тізімі қалыптастырылады.

25. Сыбайлас жемқорлыққа бейім қызметтерге бақылау және қадағалау, мемлекеттік мүлікті басқару, қызметтер көрсету және рұқсат беру функцияларын жүзеге асыру, сондай-ақ персоналды іріктеу және басқару жатқызылуы мүмкін:

- бақылау және қадағалау қызметтеріне бақылау және қадағалау субъектілерінің заңнама талаптарын (инспекция, ревизия, тексеру) сақтауын тексеру, алдын алу және қадағалау жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асыру жатады;

- мемлекеттік мүлікті басқару бойынша қызметтерге меншік иесінің мемлекеттік мүлікке (республикалық және коммуналдық мүлік) қатысты, оның ішінде бюджет қаражатын басқару жөніндегі өкілеттіктерін жүзеге асыру түсініледі;

- персоналды іріктеу және басқару бойынша қызметтерге кадрларды іріктеу, қызметкерлерді жұмыстан шығару және ілгерілету, Институт қызметкерлеріне тәртіптік шаралар мен көтермелеу шараларын қолдану жөніндегі қызметтерді жүзеге асыру жатады.

Бұл тізбе толық емес, сыбайлас жемқорлық қызметтері Институт қызметінің ерекшелігіне байланысты айқындалуы мүмкін.

26. Әрбір нақты лауазым бойынша қызметтік міндеттеріне қарай сыбайлас жемқорлыққа бейімділігін нақтылау қажет.

27. Сыбайлас жемқорлыққа бейім қызметтер тізімін пайдалана отырып, қызметтің ерекшелігінен туындаған шешім қабылдау еркіндігінің жоғары дәрежесін, азаматтармен және өзге де ұйымдармен байланыс қарқындылығын ескере отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдар айқындалады.

28. Нәтижелері бойынша Әдістемелік нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесі қалыптастырылады.

29. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесін Әдеп жөніндегі уәкілдер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтер және өзге де құрылымдық бөлімшелер немесе мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымды тұлғалармен жүйелі профилактикалық жұмысты ұйымдастыруы кезінде Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының бұзылуының алдын алу және оған жол бермеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын тұлғалары жұмылдырылады.

### 3.3 Тәуекелдер тізбесін айқындау және оларды анықтау

30. Институттың қызметіне және оның стратегиялық міндеттерін іске асыруға теріс әсер етуі мүмкін сыртқы және ішкі тәуекелдердің (стратегиялық, операциялық, қаржылық, комплаенс тәуекелдер және т.б.) туындау ықтималдығын ескере отырып, қызметкерлердің қолданыстағы заңнама нормаларының талаптарын мүлтіксіз сақтауын қамтамасыз ету, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың жолға қойылған және тиімді жұмыс істейтін жүйесін құра отырып, тәуекелдердің пайда болу себептері мен шарттарын жою жөнінде жан-жақты шаралар қабылдау қажет.

31. **Ішкі тәуекелдер индикаторлары** (қызметтің қызметтік бағыттары және басқарушылық шешімдер қабылдауға байланысты):

1) Институт қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы Заңдары мен нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын, Институттың ішкі нормалары мен қағидаларын тиісінше сақтамауы;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік-құқықтық базаның болмауы немесе пысықталмауы;

3) жұмысты дұрыс ұйымдастырмау, күш-құралдарды дұрыс орналастырмау, міндеттерді бөлу, жолға қойылған жұмыс жүйесінің істен шығуын болдырмау және тәуекелдерді жою, мүдделер қақтығысын реттеу үшін қызметкерлер арасында коммуникация мен өзара іс-қимылдың болмауы;

4) тәуекелдерді бақылау және басқару жүйесінің болмауы;

5) нақты белгіленген мақсаттар мен міндеттердің болмауы, есептілік үшін деректерді бұрмалауға немесе тауарлар мен қызметтердің сапасына әсер етуі мүмкін тым жоғары көрсеткіштерге ұмтылу;

6) инсайдерлік ақпараттық жүйені жинау мен сақтаудың сенімділігін, ақпараттық жүйелердің ашықтығын тиісінше қамтамасыз етпеу;

7) компанияның сенімділігі мен инвестициялық тартымдылығына елеулі зиян келтіруі мүмкін активтерді мақсатсыз және тиімсіз пайдалану;

8) мүдделер қақтығысы мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ескере отырып, материалдық-техникалық ресурстарды ұқыпсыз және тиімсіз пайдалану;

9) бухгалтерлік есеп жүйелерін қазынашылықпен және басқа да дерекқорлармен интеграциялаудың болмауы, шоттарды дұрыс толтырмау нәтижесінде салық заңнамасын бұзу;

10) бюджеттік жоспарлауды, қаржы қаражатын игеруді және бөлуді тиісінше ұйымдастырмау, бюджет және қаржы қаражатын жұмсаудың ашықтығы, жұмыстар мен жобаларды қосарлы түрде қаржыландыру;

11) қаржылық нәтижелерді тиісті талдау мен болжаудың болмауы;

12) қаржыландыру үшін қажетті іс-шаралардың нақты тізбесінің болмауы;

13) сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бағасы, саны мен көлемінің нарықтық құны мен нақты қажеттілікке сәйкес келмеуі;

14) өнімнің түпкілікті құнын жасанды түрде көтеруге ықпал ететін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер құнының негізділігін тексеру тетігінің болмауы;

15) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу рәсімдеріне есептілік түрлерін, мониторинг тетіктерін, ішкі және сыртқы бақылау тетіктерін, талдау объектісі бюджет және қаржы қаражатының елеулі сомаларымен жұмыс істеген кезде ішкі аудит және ішкі бақылау жөніндегі функцияларды әлсіз пысықтау;

16) мемлекеттік сатып алу порталында сатып алу жоспарын уақтылы орналастырмау;

17) сатып алуды өткізу және ұйымдастыру кезінде мүдделер қақтығысы, теріс пайдалану және жеке мүдделілік (оның ішінде үшінші тұлғалардың мүддесі үшін);

18) қайырымдылық акцияларын немесе әлеуметтік міндеттемелерді өткізу нормалары мен қағидаларының ашықтығын және сақталуын тиісінше қамтамасыз етпеу;

19) реттелген жүйенің істен шығуына әкеп соғуы мүмкін өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде немқұрайлылық пен қателіктер (оның ішінде жеке мүдде мақсатымен байланысты қасақана әрекеттер);

20) ресурстарды тиімді және үнемді пайдалануға нұқсан келтіруі мүмкін ақпараттық жүйемен рұқсат етілмеген жұмыстардың салдары;

21) тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын тиісінше қамтамасыз етпеу;

22) пайдаланудан шыққан желілерге бақылаудың болмауы (утильге жіберу, есептен шығару);

23) непотизм және трайбализм, әкімшілік-басқарушылық, ұйымдастырушылық, кадрлық және өзге де шешімдер қабылдау кезінде меритократия қағидаттарының болмауы.

### **32. Сыртқы тәуекел индикаторлары:**

1) мемлекеттік органдармен және жеке компаниялармен өзара іс-қимыл (мемлекеттік бақылау, қадағалау және аудит және т. б.)

2) серіктестердің шарттарында және ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелердің болмауы;

3) ұқсас немесе неғұрлым тиімді шарттар мен өзге ұйымдардың ұсыныстары болған кезде бір әріптестермен бірнеше рет шарттар жасасу;

4) тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы алу;

5) жасанды бәсекелестік және үлестес компаниялардың болуы, контрагенттің әртүрлі бейінді және өзіне тән емес жұмыстарды орындауы;

6) мемлекеттік аудит органдары тарапынан камералдық бақылау нәтижелері бойынша сатып алуды қайта қарау немесе оның күшін жою фактілерінің болуы;

7) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруы мүмкін серіктестер келісімшартының қолайсыз шарттары (қызметкерлерге тиімді тапсырыстар алу үшін немесе басқа да пайдакүнемдік материалдық немесе материалдық емес мақсаттарда пара беру);



8) әріптестердің келісімшарт талаптарын тиісінше орындамауы, мерзімдерден бас тартуы немесе бұзуы, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасыз орындалуы;

9) шарт талаптарын жүйелі түрде бұзатын жосықсыз өнім берушілерге қатысты ден қою шараларының болмауы (санкцияларды қолданбау), айыппұл санкцияларының болмауы немесе жеңіл айыппұлдар санкциясы;

10) шарттың орындалуы барысында талаптарға елеулі түзетулер енгізу;

11) шарттық міндеттемелерді бұзғаны үшін немесе контрагенттер шарттық міндеттемелерді бұзған кезде талаптардан немесе сот талқылауларынан негізсіз бас тартқаны үшін контрагентке талап қоюды уақтылы бермеу;

12) талап қою жұмысын жүргізу тәртібін реттейтін актілердің болмауы;

13) мүдделер қақтығысы мен үлестестікті болғызбау мақсатында контрагенттерді зерделеу жөніндегі жұмыс тетіктерінің болмауы;

14) кедендік құжаттарды ресімдеуге немесе шекаралық бақылау операцияларына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері;

15) экономикалық, сыбайлас жемқорлық және өзге де тәуекелдер үшін белгілі бір алғышарттар жасайтын саяси оқиғалар, эпидемиялар, пандемия және т. б. және олардың салдары;

16) табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар және олардың салдары;

17) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау техникасы қағидаларын, өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтамау;

18) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарын тексеру кезінде бұзушылықтарды анықтау фактілерінің болуы;

19) салықтарды, өзге де төлемдер мен алымдарды жинау жөніндегі қызметке байланысты әкімшілік рәсімдердің реттелмеуі;

20) қызметкердің салық және өзге де төлем операциялары мәселелері бойынша уәкілетті тұлғалармен жеке байланысы;

21) салықтар мен өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындау рәсімдерінің күрделілігі;

22) салықтар мен өзге де төлемдерді жинау кезінде пайдаланылатын ақпараттық жүйелердің тиісінше жұмыс істемеуі;

23) есептілік нысандарының және оған қоғамның және үкіметтік емес, қоғамдық ұйымдардың қол жетімсіздігі;

24) компания қызметкерлерімен алдын алу жұмыстарын тиісінше ұйымдастырмау (заңнаманы және әдеп кодексінің ережелерін түсіндіру, құқықтық сананы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, моральдық-әдептілік қағидаттарын нығайту)

### 3.4 Талдамалық анықтаманы дайындау және қол қою

33. Комплаенс-офицер сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау жөніндегі жұмыс мерзімі аяқталғаннан кейін Әдістемелік нұсқаудың 2 – қосымшасына сәйкес нысан бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпаратты және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсыныстарды (бұдан әрі - ұсыныстар) қамтитын талдамалық анықтама жасайды.

34. Аналитикалық анықтаманың мәтіні нақты, қысқа және сонымен бірге түсінікті, ал баяндалған материал сенімді және өзекті болуы керек.

Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша ескертулер мен қорытындылар оның атауы мен біліктілік белгілерінің қысқаша сипаттамасын көрсете отырып, нақты және пәндік сипатта болуы тиіс.

35. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсыныстар заңды, тиімді, орындалатын және талдау объектісінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелін болдырмауға бағытталған болуға тиіс.

Ұсыныстарда қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асырудың ең үздік және неғұрлым ұтымды тәсілдері (кұралдары) көрсетілуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша неғұрлым жиі қолданылатын шаралар:

- құқықтық актілерді немесе ішкі құжаттарды әзірлеу және қабылдау, оларға сыбайлас жемқорлық факторларын жоюға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- басшылардың өкілеттіктерін нақтылау;

- объектінің қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету;

- әкімшілік рәсімдерді оңтайландыру және автоматтандыру;

- рұқсат беру қызметтерін іске асыру кезінде талдау объектісінің жеке және заңды тұлғалармен жеке байланысын болдырмау;

- өкілеттіктерді қайта бөлу, құрылымды өзгерту, құрылымдық бөлімшелерді біріктіру немесе жою, штат санын оңтайландыру, артық басқару буындарын жою;

- әкімшілік шығындарды қысқарту;

- ақпараттық жүйені әзірлеу не қолданыстағы жүйені дамыту және оны басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдардың дерекқорларымен байланыстыру.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі аталған шаралар тізбесі толық емес.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және азайту өзге мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері тарапынан шаралар қабылдауды көздейтін жағдайда оларға тиісті хаттар жіберу, бірлескен іс-шаралар өткізу және т. б. ұсынылады.

36. Аналитикалық анықтамаға мыналарды қоса беру ұсынылады:

1) талдау кезінде пайдаланылған құжаттардың көшірмелері (сот шешімдері, хаттамалар, тексеру актілері және т. б.);

2) тәуекелдер картасы;

3) интернет-беттердің скриншоттары;

4) слайдтар, инфографика және өзге де көрнекі материалдар.

37. Комплаенс-офицер талдамалық анықтаманы жұмыс тобының мүшелерінің қарауына жібереді.

Жұмыс тобының мүшелері талдамалық анықтаманы келесі мақсатта жасайды:

- оны толықтыру бойынша ұсыныстар енгізу;

- анықтамада келтірілген қорытындылар мен ұсынымдар бойынша нақтылау енгізу, тиісті негіздемелерді қоса бере отырып, қате деректер мен мәліметтерге түзетулер енгізу.

Жұмыс тобының мүшелері талдамалық анықтаманы пысықтау жөнінде ұсыныстар мен негіздемелер енгізген жағдайда уәкілетті тұлға оларды анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында негізділік, тәжірибеге сүйену арқылы және жеткіліктілік тұрғысынан қарайды.

Қажет болған жағдайда талдамалық анықтаманы, оны пысықтау жөніндегі ұсыныстар мен негіздемелерді талқылау үшін уәкілетті тұлға жұмыс тобы мүшелерінің қатысуымен кеңес ұйымдастыра алады.

Уәкілетті тұлға жұмыс тобы мүшелерінің ұсыныстарын қарау қорытындылары бойынша қалыптастырылған талдау анықтамасын басшылық пен үйлестіру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін жауапты лауазымды тұлғаға қол қоюға жібереді.

38. Талдамалық анықтамаға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің басшысы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау аяқталған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмей қол қояды.

39. Талдамалық анықтама және іс-шаралар жоспары ол бекітілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде құпиялылық режимін, қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етуді ескере отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің интернет-ресурсында орналастырылады.

### **3.5 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша шаралар қабылдау**

40. Комплаенс-офицер талдау объектісінің құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде Әдістемелік нұсқаулықтың 5 қосымшасына сәйкес нысан бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі-іс-шаралар жоспары) әзірлеуі қажет.

41. Іс-шаралар нақты сипатта болуы және анықталған сыбайлас жемқорлық

тәуекелдерін жою үшін жеткілікті болуы тиіс.

Іс-шараларды орындау мерзімдері ақылға қонымды және 1 жылдан аспауы тиіс.

Заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге не жаңасын әзірлеуге байланысты іс-шараларды іске асыру мерзімдері олардың заң шығару қызметінің қағидаларын негізге ала отырып айқындалады.

Ақпараттық жүйені әзірлеуге байланысты іс-шараларды іске асыру мерзімдері бюджеттік жоспарлау рәсімдеріне сүйене отырып айқындалады.

42. Іс-шаралар жоспарын Институт директоры бекітеді.

#### **4. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау**

43. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау үрдісі талдау объектісіндегі сыбайлас жемқорлық деңгейіне теріс әсер етуі мүмкін аса маңызды тәуекелдерді бөлу мақсатында жүргізіледі.

Тәуекелдер олардың пайда болу ықтималдығы немесе жиілігі және әсері бойынша бағаланады.

Тәуекел деңгейін есептеу келесідей жүргізіледі:

Тәуекел деңгейі = ықтималдық \* әсер

Тәуекел деңгейін есептеуді комплаенс-офицер және жұмыс тобының мүшелері жүргізеді. Тәуекелдерді есептеуге талдау объектісінің құрылымдық бөлімшелері де жұмылдырылуы мүмкін.

Тәуекелдердің ықтималдығын бағалау критерийі, Тәуекелдердің әсерін бағалау критерийлері және Тәуекелдер картасы Әдістемелік нұсқауларда жан-жақты қарастырылған.

#### **5. Ұсыныстардың орындалуын қадағалау**

44. Комплаенс-офицердің ұсыныстардың орындауын қадағалауды талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап 1 жыл ішінде жүргізуі ұсынылады.

45. Талдау объектісінің құрылымдық бөлімшелері тоқсан сайын талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей Әдістемелік нұсқаулардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсыныстардың орындалу барысы туралы ақпаратты және растайтын құжаттарды комплаенс-офицерге жолдауы қажет.

46. Комплаенс-офицер ұсыныстардың, растайтын құжаттардың орындалу барысы туралы ақпарат келіп түскен күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде оларды қарауы және Әдістемелік ұсыныстардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсыныстардың орындалуын қадағалау нәтижелерін қалыптастыруы қажет.

Талдау объектісінің ақпаратын қарау қорытындысы бойынша ұсыныстың орындалу мәртебесі айқындалады.

Іс-шаралар жоспарында көрсетілген нысанға сәйкес іс-шараны орындау арқылы анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелі жойылған жағдайда ұсыныс толық көлемде орындалды деп танылады.

Іс-шаралар жоспарында көрсетілген аяқтау нысанына сәйкес іс-шараны толық көлемде орындамау салдарынан анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелі жойылмаған немесе елеусіз дәрежеде азайтылған жағдайда ұсыныс ішінара орындалды деп танылады.

Іс-шаралар жоспарының тармағын орындау бойынша шаралар қабылдамау салдарынан анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелі жойылмаған немесе азайтылған жағдайда ұсыныс орындалмады деп танылады.

Ұсыныс объективті себептер бойынша іс-шараны орындау мүмкін болмаған немесе орынсыз болған жағдайда (заңнамадағы өзгерістер, заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру немесе тарату, қызметтерді беру және т.б.) өзектілігін жоғалтты деп танылады.

Ұсынымдардың орындалуын қадағалау нәтижелері Институт директорына енгізіледі, сондай-ақ талдау объектісінің құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі.

47. Талдау объектісі ұсыныстарды орындамаған немесе толық орындамаған жағдайда, комплаенс-офицер шара қолдану үшін Институт директорына тиісті ақпаратты енгізеді. Талдау объектісі объективті себептер бойынша іс-шаралар жоспары бекітілген күннен бастап бір жыл өткеннен кейін ұсыныстарды орындамаған немесе толық орындамаған жағдайда комплаенс-офицер ұсыныстарды түпкілікті орындағанға дейін олардың орындалуын қадағалауды жалғастырады.

48. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсыныстардың орындалуы туралы ақпарат құпиялылық режимін қамтамасыз етуді, қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпияларды қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын ескере отырып, кемінде 6 айда бір рет Институттың интернет-ресурсында орналастырылады.

49. Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсыныстарды талдау нәтижелерін талқылауға және іске асыруды қадағалауға Бақылау кеңесінің мүшелері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілерінің мамандары және (немесе) сарапшылары жұмылдырылады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алқалы, консультативтік-кеңесші органдарының отырыстарында жария түрде талқылау ұсынылады.

50. Ішкі нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жағдайда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі олардың бар екендігі туралы мәліметтерді тиісті әзірлеушіге жібереді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсыныстар құқықтық қадағалау жүргізу қағидаларына сәйкес

құқықтық қадағалауды талдау объектісі жүргізген кезде қолданылады. Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қатысты барлық әзірленген ұсыныстар жүргізілген құқықтық мониторинг қорытындылары бойынша есепте көрсетілуге тиіс.

## **6. Қорытынды ережелер.**

51. Осы Ереже олар бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

52. Осы Қағидалардың талаптарын орындау үшін жауапкершілік Институттың барлық қызметкерлеріне жүктеледі.

53. Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына, Институт Жарғысына, оның ішкі құжаттарына, сондай-ақ өз құзыреті шеңберінде белгіленген тәртіппен қабылданған Институт басшылығының шешімдеріне сәйкес шешіледі.